

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

Сағымбек Аружан Есенбекқызы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Кәсіпорынның электрмен жабдықтау жүйесінде (ЭЖЖ) шунттаушы
реакторларды қолдану

5В071800 – Электр энергетикасы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі
PhD, ассистент-профессор
Е.А.
Сарсенбаев
Институт энергетика
и машиностроения

«25» 05 2022 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Кәсіпорынның электрмен жабдықтау жүйесінде (ЭЖЖ)
шунттаушы реакторларды қолдану»

5B071800 – «Электр энергетикасы»

Орындаған: Сағымбек А.Е.

Пікір беруші
PhD, ассистент-профессор
Ж.Ж.Калиев
НИ және кеңес
бөлімшесі
(қолы)
Управление HR
и кадрами
«25» 05 2022 ж.

Ғылыми жетекші
Сениор-лектор
Р.Ш.Абитаева
(қолы)
«24» 05 2022 ж.

ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
24.05.2022

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

5B071800 – «Электр энергетикасы» мамандығы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

PhD, ассистент-профессор

Е.А. Сарсенбаев

«31» 01 2022 ж.



**Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Сағымбек А.Е.

Тақырыбы: Кәсіпорынның электрмен жабдықтау жүйесінде (ЭЖЖ) шунттаушы реакторларды қолдану

Университет ректорының 2021 жылғы «24» желтоқсандағы №489-П/Ө бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «01» маусым.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) 110/35/10кВ ЭБЖ мен қосалқы станциясың жобалау

б) ЭБЖ параметрлеріне есептеу жүргізу

в) Трансформаорларды есептеп, таңдау

г) Шунттаушы реакторлар бойынша баяндама






Сызбалық материалдар тізімі: Сызбалық материалдарды слайдпен дайындау

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 13 атау

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
110/35/10кВ ӘБЖ мен қосалқы станциясың жобалау	25.03.2022	жоқ
ӘБЖ параметрлеріне есептеу жүргізу	06.04.2022	жоқ
Трансформаторларды есептеп, таңдау	12.05.2022	жоқ
Шунттаушы реакторлар бойынша есептеулер	25.05.2022	жоқ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
ӘБЖ жобалау	Абитаева Р., сениор-лектор.	25.03.2022	
ӘБЖ параметрлерін есептеу	Абитаева Р., сениор-лектор.	06.04.2022	
Трансформаторларды есептеп, таңдау	Абитаева Р., сениор-лектор.	12.05.2022	
Әр түрлі жүйе бойынша шығындарды есептеу	Абитаева Р., сениор-лектор.	23.05.2022	
Норма бақылаушы	Бердібеков А., сениор-лектор	23.05.2022	

Ғылыми жетекші
(колы)



Р.Ш. Абитаева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы
(колы)



А.Е. Сағымбек

Күні

"12.03" наурыз 2022 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыс әуе электр желісіндегі шығындарды азайтуға бағытталған электр энергиясын беру әдістері қарастырылды. Атап айтқанда, шунттаушы реакторларды пайдалану қарастырылды. Трансформаторлық типтегі басқарылатын шунттаушы реактор келесі функцияларды орындау үшін 35...500 кВ жоғары кернеулі электр желілерін қосалқы станцияларға орнатуға арналған:

- желілер мен қосалқы станциялардың жабдықтарын реактивті қуаттан түсіру және олардағы шығындарды азайту мақсатында реактивті қуатты баяу жылдам реттейтін;

- қосалқы станция шиналарындағы кернеуді тұрақтандыру.

Дипломдық жұмыста әуе электр желілерінің және 110/35/10 кВ қосалқы станция трансформаторларының параметрлері есептелді.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе рассматриваются способы наилучшего распределения электрической энергии, в частности, были рассмотрены использование шунтирующих реакторов. Управляемый шунтирующий реактор трансформаторного типа (УШРТ) является одним из видов управляемых реакторов и предназначен для установки на подстанциях линий электропередач высокого напряжения 35...500 кВ для реализации следующих функций:

- плавного быстродействующего регулирования реактивной мощности с целью разгрузки оборудования сетей и подстанций от реактивной мощности и снижения потерь в них;

- стабилизации напряжения на шинах подстанции.

В дипломной работе проведен расчет параметров воздушной линий электропередач и подстанций 110/35/10 кВ.

ABSTRACT

In this thesis, the methods of the best distribution of electrical energy are considered, in particular, the use of shunt reactors was considered. A transformer-type controlled shunt reactor is one of the types of controlled reactors and is designed to be installed at substations of 35...500 kV high voltage power lines to implement the following functions:

- smooth high-speed regulation of reactive power in order to unload the equipment of networks and substations from reactive power and reduce losses in them;
- voltage stabilization on substation tires.

In the thesis, the parameters of overhead power lines and substations of 110/35/10 kV were calculated.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Қарасай аудандық электр торабы	8
2	Электр тораптарын жобалау	9
2.1	Электр беріліс желісінің схемаларын құру	9
2.2	Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау	10
2.3	Қосалқы станцияларда күштік трансформатордың типін таңдау	11
2.4	Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу	13
2.5	Тұйықталған жүйенің торап учаскілеріндегі қуат таралуын есептеу	16
2.6	Тұйықталған жүйе үшін қиманы анықтап параметрлерін есептеу	17
2.7	Тұйықталған жүйе үшін желінің жұмыс режимдерінің анализі мен есептеулері	22
2.8	Тұйықталған жүйе үшін желілер мен трансформаторлардың қуат шығындары	23
2.9	Тұйықталған жүйенің минималды режим кезіндегі трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу	33
2.10	Тәж шарты бойынша қиманы тексеру	30
2.11	Технико- экономикалық есептеулер	31
2.12	Тұйықталған жүйе үшін экономикалық шығындар	32
2.13	Тұйықталмаған жүйе үшін экономикалық шығындар	35
3.1	Шунттаушы реакторлар	38
3.1.1	Шунттаушы реакторларды орнату	40
3.1.2	Қалыпты режимде реакторларды таңдау	41
3.1.3	Ішкі аса кернеуліктен қорғау шартына сәйкес реакторлардың қосылу тәсілі мен орналастырылуы	43
	Қорытынды	52
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	53

КІРІСПЕ

Әуе электр беріліс желілері (ӘЖ) – электр жүйесінің бір бөлігі, құрамына қосалқы станциялар және әр түрлі кернеулі кабель және әуе желілері кіреді. Генерациялайтын қуаттардың, электр беру бойынша қуат ағындарының өсуі және энергия жүйелерінің күрделенуі берілетін қуат шектерін арттыруды, қуат тербелістерін демпферлеуді, желідегі кернеуді ұстап тұруды, қуат ағындарын қайта бөлуді қамтамасыз ететін құрылғылар мен жүйелерге барлық жаңа талаптарды қояды. Бұл келесі жағдайларға байланысты:

- орнықтылық шарттары бойынша шектелетін жүйе құраушы байланыстардың өткізу қабілетін арттыру қажеттілігімен (техникалық-экономикалық салыстырулар кейбір жағдайларда жаңаларын салуға қарағанда, қолданыстағы желілердің өткізу қабілетін арттыру тиімдірек екенін көрсетеді);

- жүйелердегі шығындардың өсуі және сақиналық құрылымдарды қалыптастыру процесінде, сондай-ақ әртүрлі номиналды кернеу желілерін параллель қосу арқылы электр желілерін пайдалану тиімділігінің төмендеуі көбінесе желінің өткізу қабілеттілігін төмендетеді, ал төменгі кернеу желілері жиі шамадан тыс жүктеледі, бұл электр энергиясының жоғалуына әкеледі.

Бұл проблемалар бүкіл әлемде, атап айтқанда біздің мемлекетте бұрыннан пайда болды, сондықтан үлкен энергетикалық бірлестіктердің қалыптасуы кезінде осы кемшіліктерді жою үшін әрдайым шаралар қабылданды. Атап айтқанда, энергетикалық бірлестіктер жүйелерінде Қазақстанда қағидаттар әзірленді және синхронды генераторлардың қозуын (АРВ) автоматты реттеуді (оның ішінде күшті әрекетті) кеңінен енгізу жүзеге асырылды, бұл генераторлардың ішкі кедергілерінің оларға іргелес айналымы ток желісінің өткізу қабілеттілігіне әсерін ішінара немесе толығымен жоюға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, жоғары кернеулі ӘЖ-ге коммутацияланатын реакторларды орнату, сондай-ақ синхронды компенсаторларды орнату арқылы жүзеге асырылатын реактивті қуатты көлденең реттеу принциптері тұжырымдалды. Соңғы уақытта оларға қосымша статикалық тиристорлық компенсаторлар (СТК) және басқарылатын шунттаушы реакторлар (БШР) реактивті қуатты өтеудің реттелетін құрылғылары ретінде пайдаланылады.

Дәстүрлі конструкцияның шунттаушы реакторлары (ШР) жоғары вольтты желілердің зарядтау қуаттылығын өтеуді қамтамасыз етеді, ӘЖ бір жақты қосылу және ажырату кезінде коммутациялық асқын кернеулерді шектейді, бір ретті АПВ цикліндегі қысқа тұйықталу доғасының сөндірілуіне ықпал етеді. Бұл салыстырмалы түрде аз шығындармен (0,3%) сипатталатын және реактивті қуатты өтеу құрылғыларының ішіндегі ең аз есептелген құрылғылар.

1 Қарасай аудандық электр торабы

Қарасай аудандық электр торабы - электр желі және кернеуі 110/35/6-10/0,4 кВ қосалқы станциясымен жұмыс жасайтын электр желілік компаниясы, электр энергиясын тұтынушыларға дейінгі тарату мен жеткізу қызметтерін көрсетеді.

Бұл кәсіпорынның құрамында бірнеше аудандық электр торабы бар.

Негізгі атқаратын қызметі: тарату және жеткізу қызметі.

Желілермен қосалқы станциялардың барлық түрлеріне қызмет көрсету (трансформаторлық қосалқы станция, таратушы құрылғылар, релелік қорғаныс және автоматтандыру).

Техникалық қызмет көрсету (диагностика, қалпына келтіру жұмыстан шығып қалған қондырғыларды, жарамсыз қондырғыларды алмастыру, жөндеу), авариялық, капиталдық ремонт электр қондырғыларын, өлшеу аппараттарын жөндеу.

Қарасай электр желісіндегі қосалқы станциялардың сипаттамалары.

Қарасай аудандық қосалқы станциясы Бостандық қосалқы станциясынан 110 кВ кернеумен қоректенеді жалпы ұзындығы – 15км.

Қарасай аудандық электр желілері эксплуатацияға және электр желілерінің 110/35/10 кВ қосалқы станцияларын, 0,4/-10-35 кВ желілердің және 10/0,4 кВ КТП трансформаторларын жөндеу жұмыстары үшін берілген.

Желілік ауданынан қоректенетін қосалқы станциялары: 35/10 кВ.

Жалпы қуаты – 10 МВА.

КТП 10/0,4 кВ жалпы саны – 28 дана, (сонымен бірге, НОМ-35).

Трансформатор элегазды ажыратқыштармен қорғалған, Т-5 110/35 кВ 10 000 кВА трансформатор қойылған, КРУН 10 кВ.

Қосалқы станция құрылымы:

Күштік трансформаторы бар ашық ОРУ-35 кВ тарату құрылғысы,

35 кВ желі жағынан элегазды ажыратқышпен қорғалған. КРУН-10 кВ 15 ұяшықты және 7 шықпалы фидері бар. Қосалқы станция 2 секциялы шиналы және әрбір шина секциясында СН және НТМИ ұяшықтары бар.


Күштік трансформаторлы ашық ОРУ-35 кВ тарату құрылғысы бар Трансформатор қорғанысы 35 кВ желі жағынан элегазды ажыратқышпен қорғалған, 35 кВ шиналар арасында СМВ-35 кВ орнатылған. КРУН-10 кВ 21 ұяшықты. 2004 жылы Т-1 күштік трансформаторы алмастырылды. 2007 жылы ТМН-2500/35 трансформаторы ТМН-2500/35 Т-2 жаңа трансформатормен алмастырылды.

2 Электр тораптарын жобалау

2.1 Электр беріліс желісінің схемаларын құру

Әртүрлі объектілерінің жұмыс істеу жағдайларының алуан түрлілігі олардың электрмен жабдықтау схемасының алуан түрлі болуына себепші болады. Тұтынушылардың қоректену схемалары энергия көзінің қашықтығына, берілген ауданның электрэнергетика жабдықтаудың жалпы схемасына, тұтынушылардың территориялық орналасуымен олардың қуатына, сенімділіген қойылатын талаптарға және т.б. тәуелді.

Желі схемасы мен конфигурациясының (пішім үйлесімділігі) таңдап алу өте күрделі, өйткені желі сенімділік, үнемділік, пайдалануға қойылатын, қауіпсіздіктерімен даму мүмкіндігін шарттарын қанағаттандыру тиіс.



$$L=15+3+5+8=31\text{км}$$

2.1-сурет - Тұйықталған жүйедегі электр беріліс желісінің схемасы

Осы дипломдық жұмыста мен тұйықталған схеманы қарастырамын. 2.1-суретте көрсетілген қарастыратынымыз осындай схема болып келеді. Бізге, экономикалық жағынан тиімді және тұтынушыларға электр қуатын үзіліссіз таратуды қамтамасыз ету, электр энергияны аймақтарға сенімді және тиімді тарату басты мақсат болып келеді. Осыған байланысты бізге ең тиімді сұлба таңдау басты шарттардың біріне кіреді. Қарапайым тұйықталған желілер айналмалы желілер болып келеді. Олар бір ғана контур құрайды. Оның артықшылығы желінің бір учаскесі үзілгенде желі басқа учаскіден қоректену береді, яғни жоғары дәрежеде тұтынушыларға электр таратудың сенімділігі. Сонымен қатар қуаттың аз шығындары. Қоректену көзі электрстанция немесе жүйеге қосылған қосалқы станцияның шиналары ретінде болып келеді.

Номиналды кернеуі 110 кВ болатындай тұйықталған электр беріліс желілерінен, төрт қосалқы станциясыдан тұратынды, сәйкесінше олардың ұзындықтары $l_{4-3}=15$, $l_{3-1}=3$, $l_{1-2}=8$, $l_{3-2}=5$ (км). Қосалқы станциялардың максималды жүктемелері $S_3=5,5+j2,64$, $S_1=4+j1,98$, $S_2=2+j0,96$ (МВА).

Максималдық жүктеменің жылдық сағаты $T_{max}=5100$ сағ. Қуат коэффициенті $\cos\varphi=0,88$. Минималды жүктеме кезіндегі жүктеме 40(%) пайыз. Мұзқату ауданы II болады. Жобаны тұйықталған және тұйықталмаған жүйеде жасау қажет.

2.2 Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау

Желінің номинал кернеуін таңдау күрделі технико-экономикалық есеп болып табылады. Ол көптеген факторларға байланысты. Мысалы, кернеуінің мәні төмен желі жабдықтарының және құрылыстарының құны аз болады. Кернеудің ұлғаюына байланысты қуат және энергия шығындары азаяды, электрлік желіні дамыту жағдайлары жақсарады. Сол үшін Г.А. Илларионов формуласын қолданамыз.

Электр торабын даму жобалауы кезінде бір уақытта электр торабының конфигурациясы сұрағымен оның номиналды кернеуін таңдауы туралы сұрақ шешіледі. Электр тораптарының номиналды кернеу ұзындықтарының шкаласы МЕСТ 721-77 анықталған және келесідей кернеу қатарын құрастырады:

0,38; 3; 6; 10; 20; 35; 110; 150; 220; 330; 500; 750; 1150 кВ

Бөлек сызықты электр беріліс желісінің номиналды кернеуі ең алдымен екі параметрлі функциямен: желімен таратылатын P қуат, және де сол қуат таратылатын L қашықтыққа. Соған байланысты желінің номиналды кернеуін табудың, әр түрлі авторлармен ұсынылған бірнеше эмпирикалық формулалары болады. Мен өзімнің дипломдық жұмысымда Илларионов формуласына жүгіндім. Себебі, осы формула кернеуі 35-тен 750 кВ-қа дейін номиналды кернеудің барлық шкаласына қанағаттандырылған нәтиже береді. Г.А. Илларионов формуласы бойынша номиналды кернеуі осы формула бойынша анықталады:

$$U = \frac{1000}{\sqrt{500/L + 2500/P}} \text{ кВ}, \quad (2.1)$$

мұндағы U -желідегі кернеу, кВ;

S -толық қуат, МВА;

l -желінің ұзындығы, км;

P -активті қуат, кВт.

$$U = \frac{1000}{\sqrt{500/3 + 2500/4}} = 35,54 \text{ кВ},$$

$$U = \frac{1000}{\sqrt{500/5 + 2500/2}} = 27,218 \text{ кВ},$$

$$U = \frac{1000}{\sqrt{500/15 + 2500/11,5}} = 63,17 \text{ кВ}.$$

Одан әрі желінің номиналды кернеуін 110/35 кВ аламыз, кернеуді анықтаған соң, желінің активті және реактивті қуаттарын табамыз, біздің жағдайда активті қуат бізге белгілі

$$S_H = \sqrt{P^2 + Q^2}, \quad (2.2)$$

мұндағы P - активті жүктеме, кВт;
 Q – реактивті жүктеме, квар.

2.3 Қосалқы станцияларда күштік трансформатордың типін таңдау

Күштік трансформаторлардың типін және қуатын анықтау
 Қосалқы станция үшін:

$$S_{тр} \geq \frac{S_H}{1,4}, \quad (2.3)$$

мұндағы, S_H – толық жүктеме, МВА.

Трансформаторлардың қуаты мен санын, төмендету қосалқы станцияларында келесі принцип бойынша таңдайды: егер, екі трансформаторлы қосалқы станция қолданса, онда трансформатордың қуаты келесі шартпен таңдалады:

$$S_H = \sqrt{P^2 + Q^2}, \quad (2.4)$$

мұндағы P_H – активті жүктеме, МВт;
 Q_H – реактивті жүктеме, Мвар.
 S_{mp} – трансформатордың қуаты, МВА.

Қосалқы станциялардағы жүктеме мен номиналды кернеу бойынша таңдалады

№1 қосалқы станция үшін

$$S_{H1} = \sqrt{4^2 + 1,98^2} = 4,463 \text{ МВА},$$

$$S_{\text{тр1}} \geq \frac{4,463}{1,4} = 3,124 \text{ МВА.}$$

2.1- кестеде №1,2 қосалқы станциялар үшін таңдалған [2] ТМН – 4000/35, ТМН – 2500/35 типті трансформаторлардың параметрлері көрсетілген.

2.1-кесте - Таңдалған трансформаторлардың параметрлері

S _{НОМ} , МВА	Орамдағы кернеу, кВ		Активті шығындар, кВт		I _x %	U _к , %
	ВН	НН	P _x	P _к		
4	35	10,5	5,7	33,5	1	7,5
2,5	35	10,5	4,3	23,5	1	6,5
10	115	11	15	58	0,75	10,5

№2 қосалқы станция үшін

$$S_{\text{Н2}} = \sqrt{2^2 + 0,96^2} = 2,21 \text{ МВА,}$$

$$S_{\text{тр2}} \geq \frac{2,21}{1,4} = 1,55 \text{ МВА.}$$

№3 қосалқы станция үшін

$$S_{\text{3ан}} = \sqrt{5,5^2 + 2,64^2} = 6,1 \text{ МВА,}$$

$$S_{\text{тр3а}} \geq \frac{6,1}{1,4} = 4,27 \text{ МВА,}$$

$$S_{\text{3Н}} = S_{\text{3ан}} + S_{\text{2Н}} + S_{\text{1Н}} = 6,1 + 2,21 + 4,63 = 12,77 \text{ МВА,}$$

$$S_{\text{тр3}} \geq \frac{12,77}{1,4} = 8,94 \text{ МВА,}$$

2.2 - кестеде №3 қосалқы станция үшін таңдалған [2] ТМН – 10000/110 типті трансформатордың параметрлері көрсетілген.

2.2-кесте - ТДТН-10000/110 типті трансформатордың параметрлері

$S_{\text{НОМ}},$ МВА	Орамдағы кернеу, кВ			Активті шығындар, кВт		$I_x\%$	$U_k, \%$		
	ВН	СН	НН	P_x	P_k		ВН	СН	НН
10	115	38,5	11	17	76	1	10,5	17,5	6,5

№4 қосалқы станция үшін

$$S_{4Н} = S_{3на} + S_{2Н} + S_{1Н} = 6,1 + 2,21 + 4,63 = 12,77 \text{ МВА},$$

$$S_{\text{тр}4} \geq \frac{12,77}{1,4} = 8,94 \text{ МВА},$$

2.1 - кестеде №4 қосалқы станция үшін таңдалған [2] ТДН – 10000/110 типті трансформатордың параметрлері көрсетілген.

2.4 Трансформаторлардың кедергілерін және шығындарын есептеу

Трансформаторлардың активті және реактивті қуатын шығындарын келесі формула арқылы табамыз:

Трансформатордың активті меншікті кедергісі, Ом.

$$r_{\text{тр}} = \frac{P_k \cdot U_{\text{НОМ}}^2}{S_{\text{ТРН}}^2} \text{ Ом}, \quad (2.5)$$

мұндағы $U_{\text{Н}}$ – желінің номиналды кернеуі, кВ;

ΔP_k – трансформатордың қысқа тұйықталу кезіндегі активті шығын, кВт;

Трансформатордың реактивті меншікті кедергісі, Ом.

$$x_{\text{тр}} = \frac{U_k \cdot U^2}{100 \cdot S_k} \text{ Ом}, \quad (2.6)$$

$$\Delta Q = \frac{I_x \cdot S_{\text{ТРН}}}{100 \cdot S_k} \text{ Ом}, \quad (2.7)$$

мұндағы ΔP_{xx} – трансформатордың бос жүріс кезіндегі активті шығын, кВт;

ΔQ_{xx} – трансформатордың бос жүріс кезіндегі реактивті шығыны, квар;

I_x – трансформатордағы бос жүріс тоғы, %.

$$\Delta P_{тр} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot r_{тр}, \text{ МВт} \quad (2.8)$$

$$\Delta Q_{тр} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot x_{тр} \text{ МВар}, \quad (2.9)$$

мұндағы U_H – желінің номиналды кернеуі, кВ;


$r_{тр}$ – трансформатордың активті меншікті кедергісі, Ом;

$x_{тр}$ – трансформатордың реактивті меншікті кедергісі, Ом.

№1 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТМН-4000/35/10 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 2.3 – суретте көрсетілген.

Параметрлері:



2.3 – сурет - Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

$$r_{тр} = \frac{0,0335 \cdot 35^2}{4^2} = 2,55 \text{ Ом},$$

$$x_{\text{тр}} = \frac{7,5 \cdot 35^2}{100 \cdot 4} = 22,95 \text{ Ом},$$

$$\Delta Q_{\text{xx}} = \frac{1 \cdot 4}{100} = 0,04 \text{ МВар},$$


$$\Delta P_{\text{тр}} = \frac{4^2 + 1,98^2}{35^2} \cdot 2,55 = 0,041 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\text{тр}} = \frac{4^2 + 1,98^2}{35^2} \cdot 22,95 = 4,22 \text{ МВар}.$$

№2 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТМН-2500/35/10 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 2.4 – суретте көрсетілген.

Параметрлері:



2.4-сурет - Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

$$r_{\text{тр}} = \frac{0,0235 \cdot 35^2}{2,5^2} = 4,60 \text{ Ом},$$

$$x_{\text{тр}} = \frac{6,5 \cdot 35^2}{100 \cdot 2,5} = 31,85 \text{ Ом},$$

$$\Delta Q_{\text{xx}} = \frac{1 \cdot 2,5}{100} = 0,025, \text{ МВар},$$

$$\Delta P_{\text{тр}} = \frac{2^2 + 0,96^2}{35^2} \cdot 4,60 = 0,0185 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\text{тр}} = \frac{2^2 + 0,96^2}{35^2} \cdot 31,85 = 0,127 \text{ МВар}.$$

2.5 Тұйықталған жүйенің торап учаскілеріндегі қуат таралуын есептеу

Жобалаудың басында желінің бөліктеріндегі кедергі белгісіз болғандықтан, желілердегі қуат ағынының шамасы жуық мәндермен анықталады. Радиалды желінің басындағы бөліктеріндегі қуат жекелеген тұтынушылардың қосындысымен анықталады. Тұйықталған электр беріліс желісінің схемасы 2.5-суретте көрсетілген, сол желі үшін қуаттың таратылуын барлық бөліктердегі қима бірдей деп алып, екі жақты қоректендіретін желі сияқты анықталады:



2.5-сурет - Электр беріліс желісінің схемасы

Торап учаскілеріндегі кернеу мәнін таңдап, өтетін ток пен өткізгіш қимасын есептеу мақсатында қуат таралуын алдын – ала есептелінеді:

$$S_{3-1} = \frac{S_1 \cdot (l_2 + l_3) + S_2 \cdot l_2}{l_1 + l_2 + l_3} \text{ МВА}, \quad (2.10)$$

$$S_{3-1} = \frac{4 + j1,98 \cdot (5 + 8) + (2 + j0,96) \cdot 5}{3 + 5 + 8} = 3,87 + j1,9 \text{ МВА},$$

$$S_{3''-2} = \frac{S_2 \cdot (l_1 + l_3) + S_3 \cdot l_1}{l_1 + l_2 + l_3} \text{ МВА}, \quad (2.11)$$

$$S_{3''-2} = \frac{2 + j0,96 \cdot (3 + 8) + (4 + j1,98) \cdot 3}{3 + 5 + 8} = 2,13 + j1,04 \text{ МВА},$$

$$S_{1-2} = S_2 - S_{3-1} \text{ МВА}, \quad (2.12)$$

$$S_{1-2} = 4 + j1,98 - 3,87 + 1,9 = 0,13 + j0,08 \text{ МВА}.$$

2.6 Тұйықталған жүйе үшін қиманы анықтап параметрлерін есептеу

Желінің әрбір учаскесі бойынша токтарды анықтаймыз, ол желінің қуаты мен кернеуі арақатынасы арқылы табылады:

$$I = \frac{S}{\sqrt{3} \cdot U_H}, A \quad (2.13)$$

Желілердегі токтар:

$$I_1 = I_{3-1} = \frac{\sqrt{3,87^2 + 1,9^2}}{\sqrt{3} \cdot 35} = 70 \text{ A},$$

$$I_3 = I_{1-2} = \frac{\sqrt{0,13^2 + 0,08^2}}{\sqrt{3} \cdot 35} = 2 \text{ A},$$

$$I_2 = I_{3''-2} = \frac{\sqrt{2,13^2 + 1,04^2}}{\sqrt{3} \cdot 35} = 39 \text{ A},$$

$$I_4 = I_{4-3} = \frac{\sqrt{11,5^2 + 5,58^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 67 \text{ A}.$$

Желілердегі есептік ток:

$$I_p = I_n \cdot \alpha_i \cdot \alpha_T, A, \quad (2.14)$$

мұндағы I -желідегі ток, А;

j - токтың экономикалық тығыздығы [1].

$$I_{1p} = I_1 = 0,07 \cdot 1 \cdot 1 = 70 \text{ A},$$

$$I_{2p} = I_2 = 0,039 \cdot 1 \cdot 1 = 39 \text{ A},$$

$$I_{3p} = I_3 = 0,002 \cdot 1 \cdot 1 = 2 \text{ A},$$

$$I_{4p} = I_4 = 0,067 \cdot 1,05 \cdot 1,2 = 75 \text{ A}.$$

Токтың экономикалық тығыздығына байланысты қиманы анықтаймыз [3]:

$$S_{\text{ЭК}} = \frac{I_p}{j_{\text{ЭК}}}, \quad (2.15)$$

мұндағы $j_{\text{ЭК}}$ – ты анықтамадан аламыз, [1] ол ($j_{\text{ЭК}}=1 \text{ A/мм}$) тең.

Сонымен болатты алюминилі, яғни АС маркалы сымды таңдадым [2], олар төмендегі 2.3 - кестеде көрсетілген.

$$S_{\text{ЭК1}} = \frac{70}{1} = 70 \text{ мм}^2, \quad \text{АС} - 70/72,$$

$$S_{\text{ЭК2}} = \frac{39}{1} = 39 \text{ мм}^2, \quad \text{АС} - 50/8,$$

$$S_{\text{ЭК3}} = \frac{2}{1} = 2 \text{ мм}^2, \quad \text{АС} - 50/8,$$

$$S_{\text{ЭК3}} = \frac{75}{1,2} = 62,5 \text{ мм}^2, \quad \text{АС} - 95/16.$$

2.3 – кесте - Таңдалған сымның берілгендері

Желі	Ұзындығы, км	Кернеуі, кВ	Маркасы	Тоғы, кА	Меншікті кедергісі, Γ_0 Ом/км
L ₁	3	35	АС-70/72	0,07	0,428
L ₂	5	35	АС-50/8	0,039	0,603
L ₃	8	35	АС-50/8	0,002	0,603
L ₄	15	110	АС-95/16	0,075	0,321

Кернеуі 110 кВ біртізбекті әуе беріліс желісінің салыстырмалы параметрлерін анықтаймыз. Маркасы АС 95/16 үш сымға фаза жарылуы мен фаза сымдарының бірдейжақты үшбұрыштың төбесінде орындалған. Желі порталды металл бағандарында жарылу фаза ортасының арақашықтығы 5м горизонтальмен орнатылған.

Желінің салыстырмалы параметрлерін анықтау.

Сымның арасындағы орта геометриялық арақашықтық осыған тең, [1]. 35 кВ кернеу үшін:

$$D_{\text{орт}} = 3,56\text{м},$$

110 кВ кернеу үшін:

$$D_{\text{орт}} = 5\text{м},$$

Участіктер бойынша желінің параметрлерін анықтаймыз.

Желінің активті кедергісін келесі формула арқылы есептейміз

$$R = r_0 \cdot l, \text{ Ом}, \quad (2.16)$$

мұндағы r_0 – меншікті активті кедергі, Ом/км;

l – желінің ұзындығы, км.

Желінің реактивті кедергісін келесі формула арқылы есептейміз

$$x_0 = 0,144 \cdot \log \left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым}}} \right) + 0,0157, \quad (2.17)$$

$$X = x_0 \cdot l, \text{ Ом}, \quad (2.18)$$

Желінің реактивті өткігіштігін келесідей есептеледі

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{\text{орт}}/r_{\text{сым}})}. \quad (2.19)$$

$$B_0 = b_0 \cdot l, \quad (2.20)$$

мұндағы

x_0 – меншікті реактивті кедергі, Ом/км;

b_0 – меншікті реактивті өткігіштік, См/км;

$D_{\text{орт}}$ – сымның орташа диаметрі, мм;

$r_{\text{сым}}$ – сымның радиусы, мм.

Желінің соңындағы зарядтық қуатты келесі формуламен есептеледі

$$Q_c = U_{\text{ном}}^2 \cdot B, \text{ МВар}, \quad (2.21)$$

Желідегі қуат шығындары

$$\Delta P = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot R, \text{ МВт}, \quad (2.22)$$

$$\Delta Q = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{н}}^2} \cdot X, \text{ МВар}, \quad (2.23)$$

I₃₋₁ участка үшін L1 желісі:

СЫМ маркасы: АС-70/72

Параметрлері:

$$r_0 = 0.428 \text{ Ом /км,}$$

$$R = 0,428 \cdot 3 = 1,28 \text{ Ом,}$$

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{3560}{7,7}\right) + 0,0157 = 0,4 \text{ Ом/км,}$$

$$X = 0,4 \cdot 3 = 1,2 \text{ Ом,}$$

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(3560/7,7)} = 2,84 \cdot 10^{-6} \text{ См/км,}$$

$$B_0 = 2,84 \cdot 10^{-6} \cdot 3 = 8,52 \cdot 10^{-6} \text{ См/км,}$$

$$Q_c = 35^2 \cdot 8,52 \cdot 10^{-6} = 0,010 \text{ МВар,}$$

$$\Delta P = \frac{3,87^2 + 1,9^2}{35^2} \cdot 1,28 = 0,019 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{3,87^2 + 1,9^2}{35^2} \cdot 1,2 = 0,018 \text{ МВар.}$$

I₃₋₂ участка үшін L2 желісі:

СЫМ маркасы: АС-50/8

Параметрлері:

$$r_0 = 0,603 \text{ Ом /км,}$$

$$R = 0,603 \cdot 5 = 3 \text{ Ом,}$$

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{3560}{4,8}\right) + 0,0157 = 0,429 \text{ Ом/км,}$$

$$X = 0,49 \cdot 5 = 2,1 \text{ Ом,}$$

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(3560/4,8)} = 2,64 \cdot 10^{-6} \text{ См/км,}$$

$$B_0 = 2,64 \cdot 10^{-6} \cdot 5 = 13,2 \cdot 10^{-6} \text{ См/км,}$$

$$Q_c = 35^2 \cdot 13,2 \cdot 10^{-6} = 0,016 \text{ МВар},$$

$$\Delta P = \frac{2,13^2 + 1,04^2}{35^2} \cdot 3 = 0,013 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{2,13^2 + 1,04^2}{35^2} \cdot 2,1 = 0,009 \text{ МВар}.$$

I₁₋₂ участок үшін L3 желісі:

СЫМ маркасы: АС-50/8

Параметрлері:

$$r_0 = 0,603 \text{ Ом /км},$$

$$R = 0,603 \cdot 8 = 6,32 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{3560}{4,2}\right) + 0,0157 = 0,437 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0,437 \cdot 8 = 3,49 \text{ Ом},$$

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(3560/4,2)} = 2,59 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$B_0 = 2,59 \cdot 10^{-6} \cdot 8 = 20,7 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$Q_c = 35^2 \cdot 20,7 \cdot 10^{-6} = 0,025 \text{ МВар},$$

$$\Delta P = \frac{0,13^2 + 0,08^2}{35^2} \cdot 6,32 = 0,12 \text{ кВт},$$

$$\Delta Q = \frac{0,13^2 + 0,08^2}{35^2} \cdot 3,49 = 0,06 \text{ кВар}.$$

I₄₋₃ участок үшін L4 желісі:

СЫМ маркасы: АС-95/16

Параметрлері:

$$r_0 = 0,306 \text{ Ом /км},$$

$$R = 0,308 \cdot 15 = 4,59 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{3560}{6,75}\right) + 0,0157 = 0,428 \text{ Ом/км},$$

$$X = 0,428 \cdot 15 = 6,42 \text{ Ом},$$

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(3560/6,75)} = 2642 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$B_0 = 2,642 \cdot 10^{-6} \cdot 15 = 39,63 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$Q_c = 110^2 \cdot 39,63 \cdot 10^{-6} = 0,479 \text{ МВар},$$


$$\Delta P = \frac{11,5^2 + 5,58^2}{110^2} \cdot 4,59 = 0,061 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{11,5^2 + 5,58^2}{110^2} \cdot 6,42 = 0,086 \text{ МВар}.$$

2.7 Тұйықталған жүйе үшін желінің жұмыс режимдерінің анализі мен есептеулері

Жобалаудың басында желінің бөліктеріндегі кедергі белгісіз болғандықтан, қуаттың шамасы жуық мәндермен анықтылыды. Радиальды желінің басындағы бөліктеріндегі қуат жекелеген тұтынушылардың қосындысымен анықталады, ол 2.4-суретте электр беріліс желісінің схемасы көрсетілген.

Тұйықталған желі үшін қуаттың таратылуын барлық бөліктердегі қима бірдей деп алып, екі жақты қоректендірілетін желі сияқты анықталады.



2.4 – сурет - Электр беріліс желісінің схемасы

$$P_A = \frac{\sum P \cdot l}{\sum l} \text{ МВт}, \quad (2.24)$$

$$P_A = \frac{4,098 \cdot (5 + 8) + 2,061 \cdot 5}{5 + 3 + 8} = 3,974 \text{ МВт},$$

$$Q_A = \frac{\sum Q \cdot l}{\sum l} \text{ МВар}, \quad (2.25)$$

$$Q_A = \frac{2,393 \cdot (5 + 8) + 1,112 \cdot 5}{\sum l} = j2.291 \text{ МВар},$$

мұндағы, l – желінің ұзындығы, км.

$$P'_A = \frac{\sum P' \cdot l}{\sum l} \text{ МВт}, \quad (2.26)$$

$$P_A = \frac{2,061 \cdot (3 + 8) + 4,098 \cdot 3}{5 + 3 + 8} = 2,185 \text{ МВт},$$

$$Q'_A = \frac{\sum Q' \cdot l}{\sum l} \text{ МВар}, \quad (2.27)$$

$$Q_A = \frac{1,112 \cdot (3 + 8) \cdot 2,393 \cdot 3}{5 + 3 + 8} = j1,214 \text{ МВар},$$

$$P_A + P'_A = 3,974 + 2,185 \text{ МВт},$$

$$Q_A + Q'_A = 2,291 + 1,112 \text{ МВар},$$

$$S_{1-2} = P'_A - Q'_A - S_2 \text{ МВА}, \quad (2.28)$$

$$S_{1-2} = 2,185 + j1,214 - 2,061 + j0,112 = 0,124 + j0,102 \text{ МВА}.$$

2.8 Тұйықталған жүйе үшін желілер мен трансформаторлардың қуат шығындары

Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы 2.7 – суретте көрсетілген.

№1 ҚС) ТРДН-4000/35/10 – $4,098 + j2,393$,

№2 ҚС) ТРДН-40000/110 – $2,061 + j1,112$.

L_1 - желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{3,974^2 + 2,291^2}{35^2} \cdot 1,28 = 0,0219 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{3,974^2 + 2,291^2}{35^2} \cdot 1,2 = 0,0206 \text{ МВар.}$$

L₂- желісіндегі шығындар


$$\Delta P = \frac{2,185^2 + 1,214^2}{35^2} \cdot 6,32 = 0,032 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{2,185^2 + 1,214^2}{35^2} \cdot 3,49 = 0,017 \text{ МВар.}$$

L₃- желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{0,124^2 + 0,102^2}{35^2} \cdot 3 = 0,00006 \text{ МВт,}$$

$$\Delta Q = \frac{0,124^2 + 0,102^2}{35^2} \cdot 2,1 = 0,000044 \text{ МВар.}$$



2.7-сурет - Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

№3 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТДТН-10000/110 үш орамды трансформатордың алмастыру схемасы 2.8 – суретте көрсетілген.


Параметрлері:

$$S_{\text{BH}} = P_{3-1} + Q_{3-1} + P_{3-2} + Q_{3-2} + S_3 \text{ МВА,} \quad (2.29)$$

$$S_{BH} = 3,995 + j2,305 + 2,217 + j1,190 + 5,5 + j2,64 = 11,712 + j6,135 \text{ MBA},$$

$$S_{CH} = P_{3-1} + Q_{3-1} + P_{3-2} + Q_{3-2} \text{ MBA}, \quad (2.30)$$

$$S_{CH} = 3,995 + j2,305 + 2,217 + j1,190 = 6,212 + j3,495 \text{ MBA}.$$



2.8-сурет - Үш орамды трансформатордың алмастыру схемасы

$$U_{KBH} = \frac{10,5 + 17,5 - 6,5}{2} = 10,75,$$

$$U_{КСН} = \frac{10,5 + 6,5 - 17,5}{2} = 0,$$

$$U_{\text{кНН}} = \frac{17,5 + 6,5 - 10,5}{2} = 6,75,$$

$$r_{\text{тр}} = \frac{0,076 \cdot 110^2}{10^2} = 9,19 \text{ Ом},$$

$$x_{\text{трВН}} = \frac{10,5 \cdot 110^2}{100 \cdot 10} = 130,075 \text{ Ом},$$

$$x_{\text{трНН}} = \frac{6,75 \cdot 110^2}{100 \cdot 10} = 81,67 \text{ Ом},$$

$$\Delta Q_{\text{xx}} = \frac{1 \cdot 10}{100} = 0,1 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_{\text{трВН}} = \frac{11,712^2 + 6,135^2}{110^2} \cdot 9,19 = 0,133 \text{ МВт},$$

$$\Delta P_{\text{трСН}} = \frac{6,212^2 + 3,495^2}{110^2} \cdot 9,19 = 0,038 \text{ МВт},$$

$$\Delta P_{\text{трНН}} = \frac{5,5^2 + 2,64^2}{110^2} \cdot 9,19 = 0,028 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\text{трВН}} = \frac{11,712^2 + 6,135^2}{110^2} \cdot 130,075 = 1,879 \text{ МВар},$$

$$\Delta Q_{\text{трСН}} = \frac{6,212^2 + 3,495^2}{110^2} \cdot 0 = 0 \text{ МВар},$$


$$\Delta Q_{\text{трНН}} = \frac{5,5^2 + 2,64^2}{110^2} \cdot 81,67 = 0,25 \text{ МВар}.$$

L₄- желісіндегі шығындар

2.9-суретте L₄ электр берілісі желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы көрсетілген.

$$\Delta P = \frac{11,875^2 + 8,375^2}{110^2} \cdot 4,59 = 0,08 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{11,875^2 + 8,375^2}{110^2} \cdot 6,42 = 0,112 \text{ МВар}.$$



2.9-сурет - Электр беріліс L₄ желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

№4 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТДН-10000/110 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 2.10 – суретте көрсетілген.

Параметрлері:


$$r_{\text{тр}} = \frac{0,058 \cdot 110^2}{10^2} = 7,11 \text{ Ом},$$

$$x_{\text{тр}} = \frac{10,5 \cdot 110^2}{100 \cdot 10} = 127,05 \text{ Ом},$$

$$\Delta Q_{\text{xx}} = \frac{0,75 \cdot 10}{100} = 0,075 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_{\text{тр}} = \frac{11,955^2 + 8,008^2}{110^2} \cdot 7,11 = 0,122 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\text{тр}} = \frac{11,955^2 + 8,008^2}{110^2} \cdot 127,05 = 2,174 \text{ МВар}.$$



2.10 – сурет - Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

2.9 Кернеу шығындарын есептеу

Максималды режим кезінде желінің бойлық және көлденең шығындарын есептеу

$$U_{\max} = 110 \text{ кВ},$$

Желінің бойлық шығынын елесі формула арқылы анықтаймыз:

$$\Delta U = \frac{P \cdot R + jQ \cdot X}{U_{\text{ном}}} \text{ кВ}, \quad (2.31)$$

мұндағы U – шинадан шығатын кернеу.

Желінің көлденең шығынын келесі формула арқылы табады:

$$\delta U = \frac{P \cdot X - jQ \cdot R}{U_{\text{ном}}} \text{ кВ}, \quad (2.32)$$

$$U_i = U_i - \Delta U - j\delta U \text{ кВ}, \quad (2.33)$$

I₃₋₁ участок үшін L1 желісі:

$$AC - 70/72$$

$$\Delta U_1 = \frac{3,974 \cdot 1,28 + 2,291 \cdot 1,2}{38,5} = 0,2035 \text{ кВ},$$

$$\delta U_1 = \frac{3,974 \cdot 1,2 - 2,291 \cdot 1,28}{38,5} = j0,047 \text{ кВ},$$

$$U_1 = 38,5 - 0,2035 - j0,047 = 38,295 - j0,047 \text{ кВ},$$

$$U_1 = \sqrt{38,295^2 + (-0,047^2)} = 38,296 \text{ кВ}.$$

I₃₋₂ участок үшін L2 желісі:

$$AC - 50/8$$

$$\Delta U_2 = \frac{2,185 \cdot 3 + 1,214 \cdot 2,1}{38,5} = 0,236 \text{ кВ},$$

$$\delta U_2 = \frac{2,185 \cdot 2,1 - 1,214 \cdot 3}{38,5} = j0,0245 \text{ кВ},$$

$$U_2 = 38,5 - 0,236 - j0,0245 = 38,264 - j0,0245 \text{ кВ},$$

$$U_2 = \sqrt{38,264^2 + (-0,0245^2)} = 38,264 \text{ кВ}.$$

I₁₋₂ участок үшін L3 желісі:

$$AC - 50/8$$

$$\Delta U_2 = \frac{0,124 \cdot 6,32 + 0,102 \cdot 3,49}{38,5} = 0,0296 \text{ кВ},$$

$$\delta U_2 = \frac{0,124 \cdot 3,49 - 0,102 \cdot 6,32}{38,5} = -j0,0055 \text{ кВ},$$

$$U_2 = 38,5 - 0,0296 - j0,0055 = 38,4704 - j0,005 \text{ кВ},$$

$$U_2 = \sqrt{38,4704^2 + (0,0055^2)} = 38,4704 \text{ кВ}.$$

I₄₋₃ участок үшін L4 желісі:

$$AC - 95/16$$

$$\Delta U_2 = \frac{11,875 \cdot 4,59 + 8,3752 \cdot 6,42}{115} = 0,942 \text{ кВ},$$

$$\delta U_2 = \frac{11,875 \cdot 6,42 - 8,3752 \cdot 4,59}{115} = j0,328 \text{ кВ},$$

$$U_2 = 115 - 0,942 - j0,328 = 114,058 - j0,328 \text{ кВ},$$

$$U_2 = \sqrt{114,058^2 + (-0,328^2)} = 114,058 \text{ кВ}.$$

2.10 Тәж шарты бойынша қиманы тексеру

Бастапқы критериялық кернеулік.

$$E_0 = 30,3 \cdot 0,82 \cdot \left(1 + \frac{0,299}{\sqrt{r_{\text{СЫМ}}}}\right) \text{ кВ/см}, \quad (2.34)$$

Сымның бетіндегі кернеулік.

$$E = \frac{0,354 \cdot U_{\text{НОМ}}}{0,77 \cdot \log \cdot \left(\frac{U_{\text{ОПТ}}}{r_{\text{СЫМ}}}\right)} \text{ кВ/см}, \quad (2.35)$$

$$0,9 \cdot E_0 \geq 1,07 \cdot E \text{ кВ/см} \quad (2.36)$$

АС – 50/8

Маркалы сым үшін.

$$E_0 = 30,3 \cdot 0,82 \cdot \left(1 + \frac{0,299}{\sqrt{0,48}}\right) = 35,569 \text{ кВ/см},$$

$$E = \frac{0,354 \cdot 38,5}{0,77 \cdot \log \cdot \left(\frac{3560}{0,48}\right)} = 7,336 \text{ кВ/см},$$

$$32,012 \geq 7,85 \text{ кВ/см},$$

АС – 50/8

Маркалы сым үшін.

$$E_0 = 30,3 \cdot 0,82 \cdot \left(1 + \frac{0,299}{\sqrt{0,42}}\right) = 35,56 \text{ кВ/см},$$

$$E = \frac{0,354 \cdot 38,5}{0,77 \cdot \log \cdot \left(\frac{3560}{0,42}\right)} = 7,33 \text{ кВ/см},$$

$$32,004 \geq 7,843 \text{ кВ/см},$$

АС – 70/72

Маркалы сым үшін.

$$E_0 = 30,3 \cdot 0,82 \cdot \left(1 + \frac{0,299}{\sqrt{0,77}}\right) = 33,312 \text{ кВ/см},$$

$$E = \frac{0,354 \cdot 115}{0,77 \cdot \log \cdot \left(\frac{5000}{0,77}\right)} = 13,87 \text{ кВ/см},$$

$$29,9808 \geq 14,84 \text{ кВ/см}.$$

2.11 Техника-экономикалық есептеулер

Негізгі мақсат, Қазақстан Республикасындағы электр энергия нарығының даму шартына байланысты кернеуі 110/35/10 кВ болатын қосалқы станциясының қызметінің тиімділігін бағалау былай жүргізіледі:

- аймақта тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етуді сенімді әрі тиімді қамту;
- энергетикалық нарығының субъектілері арасындағы екі жақты келісім шартты жедел жасаудың тиімді нұсқасын таңдау әрі негіздеу;
- электр энергия шығындарын азайту шараларын жүзеге асыру және таңдау;

Энергетикалық компанияның жеке жақтарының қызметін сипаттайтын тиімділік жүйесінің көрсеткіші, оның менеджментінің сапасына жан-жақты баға беруге мүмкіндік береді. Осындай баға компанияның басшылығына қалай қажет болса, электр энергиясын қолданушыларға да, реттеуші органдарға да, қоғамдық топтарға (экология қорғаушыларына) да және сыртқы инвесторларға да сондай қажет.

Тиімділік үш негізгі блокқа бөледі:

- нәтижелілік аймақтық компаниялардың өндірістік-инновациялық қызметі және қолданушылармен өзар іс-қимылы;
- үнемділік (экономикалық тиімділік) - өнімнің өзіндік құны, қор қайтарылымы және өндірістік қуат пен қондырғыларды тиімді қолданудың басқа да көрсеткіштерін бағалау;

- пайдалылық (қаржы тиімділігі) – қорытындылық пен үнемділіктен басқа сыртқы ортамен компаниялардың өзара іс-қимылы факторына байланысты компанияның, қаржы қызметінің қорытынды көрсеткішінің анықталуы.

Технико-экономикалық көрсеткіштерге ең алдымен жобаның арзандылығы, электр энергияны таратудың жоғары сенімділігі және обектінің өзі мен оның кейбір бөліктерінің ұзақ эксплуатациясы, желінің номиналды кернеуінің шамасы, сымға кететін түсті металлдардың шығыны.

2.4 – 2.5 – 2.6 – кестелерде сымдардың бағасы және қосалқы станциялардың бағалары келтірілген [2]. Желінің толық құнын және желінің объектілеріне кететін күрделі салымдарын есептейміз.

Желіні жөндеуге және қызмет етуге, амортизацияға кететін толық жылдық шығындарды және желідегі электр энергия шығындарын компенсациялауға кететін шығындарды есептейміз. Сонымен қатар қуаттың максималды шығын уақыты мен электрэнергияның жылдық шығынын есептейміз.

2.12 Тұйықталған жүйе үшін экономикалық шығындар

Таңдалған сымдардың алғашқы берілгендері мен бағалары 2.4 кестеде көрсетілген.

2.4-кесте - Таңдалған сымдардың берілгендері мен бағаларының берілгендері

Желі	Ұзындығы км	Кернеуі кВ	Маркасы	Тірек түрі	Бағасы
L ₁	3	35	АС-70/72	Біртізбекті болат	14
L ₂	5	35	АС-50/8		7,2
L ₃	8	35	АС-50/8		7,2
L ₄	15	110	АС-95/16		16,4

$$K_{л} = K_{л1} + K_{л2} + K_{л3} + K_{л4} \text{ млн. тг.} \quad (2.37)$$

Алдымен желінің толық құнын есептейміз, ол желінің ұзындығы мен желінің сым бағасы арақатынасы арқылы есептеледі:

$$K_{л} = \sum K_0 \cdot l \text{ млн. тг,} \quad (2.38)$$

мұндағы $K_{л1}$ - желінің толық құны,
 K_0 - желінің құны, тг;
 l - желінің ұзындығы, км.

$$K_L = (14 \cdot 3 + 7,2 \cdot 5 + 8 \cdot 7,2 + 16,4 \cdot 15) \cdot 500 = 181,5 \text{ млн. тг.}$$

Көпірлік ажыратқышты бар қосалқы станциясылары.

Таңдалынып алынған трансформатордың бағаларының берілгендері 2.5 кестеде келтірілген.

2.5-кесте - Таңдалған трансформатордың бағаларының берілгендері

Қосалқы станциясы	Трансформатор типі	Бағасы
№1	ТМН-4000/35	100
№2	ТМН-2500/35	60
№3	ТДТН-10000/110	180
№4	ТДН-10000/110	180

$$K_{\text{ПС}} = K_{\text{ПС1}} + K_{\text{ПС2}} + K_{\text{ПС3}} + K_{\text{ПС4}} \text{ млн. тг,} \quad (2.39)$$

мұндағы $K_{\text{ПС}}$ – қосалқы станцияның толық бағасы.

$$K_{\text{ПС}} = (60 + 100 + 180 + 180) \cdot 500 = 260 \text{ млн. тг,}$$

$$K = K_{\text{ПС}} + K_L \text{ млн. тг,} \quad (2.40)$$

$$K = 181,5 + 260 = 441,5 \text{ млн. тг.}$$

Эксплуатациялық шығындар.

$$I_T = I_{\text{ПС}} + I_L + I_{\Delta W} \text{ млн. тг} \quad (2.41)$$

Желіні жөндеуге және қызмет етуге, амортизацияға кететін толық жылдық шығындарды келесідей есептейміз

$$I_L = \frac{\alpha_a + \alpha_b}{100} \cdot K_L \text{ млн. тг,} \quad (2.42)$$

мұндағы $\alpha_a=2,4$ [1]; $\alpha_b=0,4$ [1];

$$I_L = \frac{2,4 + 0,4}{100} \cdot 181,5 = 5,082 \text{ млн. тг.}$$

Желідегі электр энергия шығындарын компенсациялауға кететін шығындарды келесі формула арқылы есептейміз.

$$I_{\text{пс}} = \frac{\alpha_a + \alpha_p}{100} \cdot K_{\text{пс}} \text{ млн. тг,} \quad (2.43)$$

мұндағы $\alpha_a=2$; [1]
 $\alpha_p=6,4$. [1]

$$I_{\text{пс}} = \frac{2 + 6,4}{100} \cdot 260 = 21,84 \text{ млн. тг.}$$

Қуаттың максималды шығын уақытын келесі формула арқылы есептейміз:

Максималдық жүктеменің жылдық сағаты $T_{\text{max}}=5000$ сағ.

$$\tau = \left(0,124 + \frac{5000}{10000} \right)^2 \cdot 8760 = 3411 \text{ сағ,}$$

$$W_{\Delta w} = \Delta W_{\Delta l} + \Delta W_{\Delta \text{пс}} \quad (2.44)$$

Қуаттың максималды шығын уақытын есептейміз:

$$\Delta W_l = \Delta P_l \cdot \tau \quad (2.45)$$

Электр энергияның жылдық шығынын келесідей формуламен есептейміз:

$$\Delta W_{l1} = 21,9 \cdot 3411 = 74700,9 \text{ кВт,}$$

$$\Delta W_{l2} = 32 \cdot 3411 = 109152 \text{ кВт,}$$

$$\Delta W_{l3} = 0,06 \cdot 3411 = 204,66 \text{ кВт,}$$

$$\Delta W_{l4} = 80 \cdot 3411 = 272880 \text{ кВт,}$$

$$\Delta W_l = \Delta W_{l1} + \Delta W_{l2} + \Delta W_{l3} + \Delta W_{l4} \text{ кВт,} \quad (2.46)$$

$$\Delta W_l = 74700,9 + 109152 + 204,66 + 272880 = 456937,56 \text{ кВт,}$$

Қосалқы станциядағы қуат шығыны.

$$\Delta W_{\Delta W_{\text{ПС}}} = n \cdot P_{\text{ХХ}} \cdot 8760 + \frac{1}{n} \cdot P_{\text{К}} \cdot \left(\frac{S_p}{S_n}\right)^2 \cdot \tau, \text{ кВт} \cdot \text{сағ}, \quad (2.47)$$

$$\Delta W_{\Delta W_{\text{ПС}1}} = 2 \cdot 5,7 \cdot 8760 + \frac{1}{2} \cdot 33,5 \cdot \left(\frac{4,463}{4}\right)^2 \cdot 3411 = 170997,569 \text{ кВт} \cdot \text{сағ},$$

$$\Delta W_{\Delta W_{\text{ПС}2}} = 2 \cdot 4,3 \cdot 8760 + \frac{1}{2} \cdot 23,5 \cdot \left(\frac{2,21}{2,5}\right)^2 \cdot 3411 = 106896,17 \text{ кВт} \cdot \text{сағ},$$

